

Список использованных источников:

1. Минимальные стандартные правила обращения с заключенными. Приняты на первом Конгрессе Организации Объединенных Наций по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями, состоявшемся в Женеве в 1955 году, и одобрены Экономическим и Социальным Советом в его резолюциях 663 С (XXIV) от 31 июля 1957 года и 2076 (LXII) от 13 мая 1977 года
2. Международный пакт о гражданских и политических правах. Принят резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года.
3. Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан. Кодекс Республики Казахстан от 5 июля 2014 года № 234-V ЗРК.
4. Айметов, Б. Ш. Социальная адаптация лиц, отбывающих наказания / Б. Ш. Айметов, Г. Н. Токпанбетова // Пенитенциарная система и общество: опыт взаимодействия : сборник материалов VI Международной научно-практической конференции, Пермь, 02–04 апреля 2019 года. – Пермь: Пермский институт Федеральной службы исполнения наказаний, 2019.
5. Соломатин С.В. Единство этики и философии в контексте европейской культуры / С.В. Соломатин // Культурология: пересечение научных сфер. Сб. статей. - Воронеж: Типография Воронежского ЦНТИ, 2013 - Вып 8 - С 178.
6. Об утверждении Комплексной стратегии социальной реабилитации граждан, освободившихся из мест лишения свободы и находящихся на учете службы пробации, в Республике Казахстан на 2017-2019 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 8 декабря 2016 года № 387
7. Аналитический центр по Центральной Азии - Казахстан: в сутки на питание одного заключенного будет выделяться \$2,44
URL: <https://acca.media/kazahstan-v-sutki-zaklyuchennym-na-pitanie-budet-vydelyatsya-244/>

ӘОЖ 343

ДҮНИЕ ЖҮЗІН АЛАҢДАТҚАН ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

Мақсұт Аружан

E-mail: maksutaruzhan0303@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
заң факультетінің 2 - курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – М. Б. Муратханова

Қазіргі кезде әлемде тұрмыста әйел адамдарды және балаларды зорлау әрекеттері өршіп отыр. Бұл проблемамен күресу жолдары әлі де қарастырылуда, бірақ нақты шешім қандай? Қазақстан Республикасының “Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы” Заңына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылық бір адамның басқаға қатысты отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы, дене және психикалық азап шегу қаупін тудыратын қасақана құқыққа қарсы әрекеті. Осы зорлық-зомбылық әрекеттердің ішіндегі аса толғандыратыны әйел адам мен бала құқықтарының тапталып жатқандығы. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі ең өткір және өзекті мәселелердің бірі бола бастады.

Салыстырмалы түрде жақында, небәрі жиырма жыл бұрын, бұл мәселе талқыланбаған және зерттелмеген болатын. Бүгінгі таңда балаларға зорлық-зомбылық көрсетуді көптеген зерттеушілер мен тәжірибешілер ауыр жарақат ретінде мойындайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты жасаушы адамға ҚР ҚК 99,106, 107 баптары бойынша жаза тағайындалады, сонымен қатар ҚР “Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы” 2009 жылғы Заңына сәйкес шаралар қолданылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты «әйелдерге физикалық, жыныстық немесе психологиялық зиян келтіретін немесе әкелуі мүмкін кез келген гендерлік зорлық-зомбылық әрекеті, оның ішінде осындай әрекеттерді жасаймын деп қорқыту, мәжбүрлеу немесе қоғамдық орындарда еркінен айыру» деп сипаттайды. Зорлық-зомбылық әртүрлі жолдармен жасалуы мүмкін. Мәселен: психологиялық, физикалық, экономикалық және сексуалдық. Қарым-қатынаста болған 15 пен 49 жас аралығындағы барлық әйелдердің төрттен бірінен астамы өмірінде кем дегенде бір рет жақын серіктесі тарапынан физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылық көрген. Дүние жүзінде салыстырмалы есеппен әйел адамдардың 38%-ын өз интимді серіктері өлтіреді екен, 50% жағдайда 16 жасқа толмаған жас қыздар жыныстық сипаттағы қылмыстардың құрбаны болады, 130 миллионға жуық қыздар мен әйелдер жыныс мүшелерін бүлдіреді, 100-ден астам штат әлі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңдарды қабылдаған жоқ. Осы көрсеткіштерден ақ әлі күнге дейін бұл проблеманың шешілмегендігін байқауға болады. Жыныстық зорлық-зомбылықта негізгі факторлар болып білім деңгейінің төмендігі, зорлаушыға балалық шағында қатыгездікпен қарау, әке мен шеше немесе басқа туыстар арасындағы зорлық-зомбылық әрекеттерінің көрінісі, айналасының әсері, алкогольді немесе өзге де заттарды теріс пайдалану табылады. Қазақстан Республикасының азаматшасы тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеттері орын алғанда полиция бөлімшесіне, әкімдікке немесе әйелдерге арналған орындарға хабарласуына болады. 1998 жылы Қазақстан полициясы “Әйелдерді кемсітушіліктің барлық түрлерінен қорғау туралы” конвенцияға қосылған болатын. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімі 1999 жылы 19 ақпанда құрылған. Қазіргі таңда мұндай бөлімшелер Қазақстанның барлық қалаларында жұмыс істейді. Бұл бөлімшелердің негізгі міндеті – әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, құқықтық көмек көрсету, істерді талдау және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу. Бөлімше басқа да ішкі істер органдарымен – криминалдық полициямен, тергеу және анықтау органдарымен, ювеналдық полиция бөлімімен, сонымен қатар әйелдер істері жөніндегі комиссиямен өзара іс-қимыл жасайды. Әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялар заңнама бойынша:

1) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерімен тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

2) жергілікті атқарушы органдарға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді;

3) көмек көрсету ұйымдарымен бірлесіп тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және зардап шеккендерді оңалту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Тағы бір проблемалардың бірі балаларға жасалатын зорлық-зомбылық болып табылады. Балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық ата-аналардың, отбасының өзге де мүшелерінің балаға қатысты жүзеге асыратын қорқытулар, зорлық-зомбылық сипаттағы әрекеттері арқылы көрініс табады. Ол физикалық зорлық-зомбылық, жыныстық зорлық-зомбылық, экономикалық қысым, психологиялық қысым түрінде көрінеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар психикалық бұзылулардан зардап шегеді - дамудың артта қалуы, эмоционалдық және мінез-құлық бұзылыстары, тұлғалық теңгерімсіздік және

бұған диагноз қою үшін клиникалық-психологиялық әдіс қолданылады. Емдеу дәрі-дәрмекпен толықтырылған психотерапияны қолдану арқылы жүзеге асырылады. Баланың жыныстық зорлық-зомбылық белгілері болып баланың жыныстық мәселелер немесе әрекеттер туралы жасына сәйкес келмейтін немесе оғаш хабардар болуы, баланың басқа балаларға немесе ересектерге қатысты жыныстық қудалауы, кейбір денсаулық проблемалары туралы шағымдар, әсіресе жыныстық аймақта, басқа балалар жылағанда мазасыздық; жүйке жүйесінің сыр беруі, теңселу, бас бармақ сору табылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы заңнамаға сәйкес кәметке толмағандардың істері жөніндегі комиссия туралы және олардың құзыреті жөнінде айтылып өткен, яғни олар:

1) кәметке толмағандар арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерімен өзара іс-қимыл жасайды;

3) жергілікті атқарушы органдарға кәметке толмағандар арасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық шаралар қабылдау туралы ұсыныстар енгізуге;

4) көмек көрсету ұйымдарымен бірлесіп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәметке толмағандарды оңалту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Психолог, зорлық-зомбылық және балаларға зорлық-зомбылық көрсету мәселесінің маманы Н.О. Зиновьева балаға деген физикалық зорлық-зомбылық ретінде балаға қасақана жасалатын дене жарақаттарын айтады және ол зардаптардың болмауының алдын алмауын қарастырады. 20 ғасырдың екінші жартысында балалар невропатологы Дж. Коффи физикалық зорлық-зомбылықтың ерекше түрі туралы хабарлаған болатын. Балаларда ерекше гематомалар анықталған болатын. Мұндай жарақаттар басты қатты қозғалтқан жағдайда туындайды. 1974 жылы Джон Коффи жаңа синдромды енгізді, яғни өткір шайқалған нәресте синдромы. Ресейде бұл синдромды травматикалық нәресте шайқау синдромы деп те атайды. Баланың травматикалық сілкіну синдромының дамуын тудыратын тікелей себеп - бұл қатты шайқау әрекеті болып табылады. Баланың ата-анасы немесе ересектер баланың жылағанын қойдыру үшін оны қатты сілкіді, сол кезде баланың денсаулығына зақым келеді.

Әйел мен балаға деген көрсетілетін зорлық-зомбылық үлкен проблема болғанымен, біздің елде бұл әрекеттерге нақты, қатаң жазалар көзделмеген. Ұлыбританияда 2015 жылдың желтоқсанында қабылданған жаңа заңға сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылық тек дене жарақатын салуды ғана емес, сонымен қатар банктік шоттарға кіруді шектеуді, төлқұжаттарды тартып алуды, сондай-ақ әлеуметтік желілерді бақылауды қоса бастады. Бұдан былай бұл әрекеттердің кез келгені адамның негізгі құқықтарын бұзу ретінде түсіндіріліп, 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылатын болды. Бұл заң қазір Англия мен Уэльсте әрекет етеді. Оны қабылдауға Ұлыбританияда апта сайын кем дегенде бір әйелдің тұрмыстық зорлық-зомбылықтан өлетінін анықтаған зерттеулердің нәтижелері себеп болды. Чехияның ҚК сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамның рұқсаты кінәліні қылмыстық жауаптылыққа тартуға қажет етілмейді. Ал Германияға тоқталсам мұндай қылмыстар қатаң жазаланады: денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін 1 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ал ауыр жарақат алған жағдайда 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Түрме мерзіміне айыппұл қосылады, ол бірнеше ондаған мың еуроға жетуі мүмкін. Біздің мемлекетімізде неге қатаң жазалар қарастырылмаған? Менің осы тақырыпқа байланысты жасар ұсынысым: мемлекетіміздің ҚК-не тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты бап енгізіп және бұл әрекетті ауырлатылған мән-жай ретінде қарастыру керек. Себебі Қазақстан Республикасының әрбір азаматының өмір сүруге, жеке бас бостандығына құқығы бар. Бір қынжылтатыны неліктен біздің нәзік жандыларымыз және сәбилеріміз қорлықты басынан өткізуі керек, неліктен біз бұл жағдайға әрдайым көзімізді жұма қарауымыз керек?

Қолданылған әдебиеттер:

1. [Насилие в отношении женщин \(who.int\)](http://www.who.int) Официальный сайт Всемирной организации здравоохранения
2. “О профилактике бытового насилия” Закон Республики Казахстан от 4 декабря 2009 года № 214-IV.
3. Волкова Е.Н. Ребенок и насилие: диагностика, предотвращение и профилактика: монография / Е.Н. Волкова, О.М. Исаева. – Н. Новгород, 2015. – 290 с.
<https://tengrinews.kz/article/ya-stala-jertvoy-domashnego-nasiliya-chto-delat-736/>

УДК 343.244

ПРИНУДИТЕЛЬНЫЕ МЕРЫ ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ: ОЦЕНКА КАЧЕСТВЕННО-КОЛИЧЕСТВЕННЫХ ПАРАМЕТРОВ РЕПРЕССИИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ПОЛОЖЕНИЙ УК И КОАП РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН)¹

Нагорнов Кирилл Игоревич

nagornov_k@inbox.ru

Магистрант кафедры уголовного права юридического факультета Казанского (Приволжского) федерального университета, г. Казань, Россия
Научный руководитель – Талан М.В.

¹Исследование выполнено при поддержке Министерства науки и высшего образования Российской Федерации. Приказ № 486 от 15 июня 2021 г.

В соответствии с положением подраздела 4.10. Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 15.10.2021 № 674 [1], одним из приоритетных направлений правой политики государства определена политика в области противодействия преступности, в рамках которой поставлена задача уделить особое внимание вопросам совершенствования и оптимизации уголовного законодательства, сбалансированности карательных, восстановительных и превентивных средств уголовно-правового регулирования. Действующий Уголовный кодекс Республики Казахстан (далее – УК РК) [2] в системе средств реагирования на несовершеннолетних нарушителей предусматривает принудительные меры воспитательного воздействия (далее – ПМВВ). Данные меры применяются при освобождении от уголовной ответственности и от уголовного наказания, а также при условном осуждении и, как отмечается в отечественной юридической литературе, «представляют собой разновидность мер государственного принуждения, которые отличаются от наказания правовой сущностью, целевым назначением, отсутствием последствий, связанных с судимостью» [3, с. 465].

В научной и учебной литературе, посвященной уголовному праву, традиционной является точка зрения, согласно которой в содержании принудительных мер воспитания